

"Негізінде алынған (алынуға жататын) табыстарды арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу жүзеге асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының растаманы беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 1749 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 613 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 271 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.05.2016 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Негізінде алынған (алынуға жататын) табыстарды арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу жүзеге асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының растаманы беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 1749 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 21, 304-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Негізінде алынған (алынуға жататын) табыстарды арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу жүзеге асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының растаманы беру қағидаларында:

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтініш берушінің Салық кодексінің 150-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларының және 2-тармағының 4) тармақшасының талаптарына сәйкес келмеуі растауды беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«20__ жылғы «__» «_____» бастап 20__ жылғы «__» «_____» дейінгі кезеңде алынған (алынуға жататын) табыстарды «Салық және бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 151-1, 151-2, 151-3, 151-4, 151-5, 151-6, 151-7, 151-8, 151-9-баптарында көрсетілген қызмет түрлерінің табыстарына жатқызу туралы растау-анықтаманы беруді сұраймыз (қажетін сызу керек).».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК